

"2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 1224 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 4007 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қазанда № 4544 болып тіркелді. 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1)-тармақшасына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 1224 "2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4322 болып тіркелген, 2015 жылдың 21 мамырында "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары А.Арынғазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 қыркүйегінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Қала әкімі

Е.Омаров

Ақтөбе қаласының әкімдігінің
09.10.2015 ж. № 4007
қаулысымен бекітілді

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
1	Ақтөбе қаласы	6397				

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері(теңге)				
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
16 203	11 188	5321		

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
8820	8 4 0 0	4200		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК